



# Теңізшевройл Деректер мен дәйектер

2014 жылдың 1-тоқсаны бойынша қорытынды мәлімет

## Тарих/Қатысушылар:

- Әлемдегі ең терең және ірі мұнай кеніштерінің бірі болып саналатын Теңіз мұнай кеніші 1979 жылы ашылды.
- «Теңізшевройл» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 1993 жылы 6 сәуірде Қазақстан Республикасы мен «Шеврон» компаниясы арасында жасалған келісім негізінде құрылды. «Теңізшевройл» ЖШС-нің қазіргі кездегі серіктестері: «Шеврон» – 50%, «ҚазМұнайГаз» АҚ – 20%, «ЭксонМобил Қазақстан Венчурс Инк.» – 25% және «ЛукАрко Б.К.» – 5%.

## Өнім өндіру/Қорлар:

- Теңіз және Королев кеніштерінің алынатын мұнай қоры 750 миллионнан 1,1 миллиард тоннаға дейінгі мөлшерді (6-9 млрд. баррель) құрайды. Жалпы барланған қоры жөнінен Теңіз кенішінде 3 миллиард тонна (26 млрд. баррель), ал, Королев кен алаңында 190 миллион тонна (1,5 млрд. баррель) шамасында мұнай бар деп есептелінеді. Теңіз коллекторының шеңбері едәуір, ені 20 шақырым (12 миль), ұзындығы 21 шақырым (13 миль) құрайтын аумақты алып жатыр.
- 2008 жылы Теңізшевройл Шикі газ айдау және Екінші буын зауыты (ШГА/ЕБЗ) жобасын аяқтап, нәтижесінде мұнай өндірудің тәуліктік қуаты шамамен 75 000 тоннаға немесе 600 000 баррельге, ал, табиғи газ 22 миллион текше метрге немесе 750 миллион текше футқа жетті.

## Мұнай өндіру көлемі:

- 2014 жылдың бірінші тоқсанында мұнай өндіру көлемі 6,8 миллион тоннаны (55 миллион баррель) құрады.
- ТШО мұнайды бірнеше тасымалдау бағыттары бойынша экспортқа шығарады. ТШО шикі мұнайды Каспий құбыр концорциумының құбыры арқылы Новороссийскіге және темір жолмен Одесса, Тамань және Ақтауға, әрі қарай Батумиге және Кулевиге экспортқа жібереді.

## ТШО өнімінің өзге түрлері:

- ТШО сұйытылған газ сату көлемін 326 мың тоннаға, ал құрғақ газ сату көлемін 1,7 миллиард текше метрге жеткізді.
- ТШО 885 мың тонна күкірт сатты, бұл аталмыш кезеңдегі өндірілген 583 мың тонна күкірттің 152% құрайды. 2014 ж. 31 наурызындағы мәліметке сәйкес, күкіртті сату бағытындағы табысты жұмыс нәтижесінде Теңіздегі сақталған күкірт көлемі 830 мың тоннаға дейін азайтылды. Теңізшевройл жоғары сапалы күкірттің төрт түрін, ең алдымен, Жерорта теңізі бассейні мен Орта Азия елдеріндегі тұтынушыларға және Қазақстан, Ресей, Украина, Қытайға өткізуде.

## Денсаулық сақтау, өнеркәсіп қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау

- 2000 жылдан бері Теңізшевройл қоршаған ортаға әсерді азайтуға бағытталған жобаларға 2,8 миллиард АҚШ доллар көлемінде қаржы бөлді.
- Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған бұл инвестициялар алауларда жағылатын газдың жалпы көлемін 2000 жылдан 93%-ға азайтуға мүмкіндік берді. Қазіргі таңда ТШО өндірілген газдың 99% кәдеге жаратады.
- 2000 жылдан бері өндірілген мұнайдың бір тоннасына шаққандағы атмосфераға жіберілген шығарындылардың көлемі 72%-ға азайды. 2014 жылдың бірінші тоқсанында атмосфераға жіберілген шығарындылар көлемі ТШО өндірген мұнайдың бір тоннасына шаққанда, орта есеппен, 2,34 килограмды құрады. ТШО 2000 жылдан бері жылдық мұнай өндіру көлемін 158% өсірді.
- 2000 жылдан 2014 жылдың бірінші тоқсанына дейін қоршаған ортаны қорғау және зауыт сенімділігін арттыру шараларына жұмсалған инвестициялар КТЛ-дағы техникалық ақаулар санын 55%-ға, ал техникалық ақаулар кезінде алауларда жағылатын шикі және қышқыл газ мөлшерін 95%-ға азайтуға ықпалын тигізді.



# Теңізшевройл Деректер мен дәйектер

2014 жылдың 1-тоқсаны бойынша қорытынды мәлімет

## Қаржы көрсеткіштері:

- 1993 жыл мен 2014 жылдың бірінші тоқсаны аралығында ТШО-ның Қазақстанға тікелей қаржы төлемі тұтастай алғанда 92,6 миллиард АҚШ долларын құрады. Бұған ТШО-ның жергілікті қызметкерлеріне төленген еңбекақы, қазақстандық тауар өндірушілер мен жабдықтаушылардың өнімдері мен қызметтеріне жұмсалған қаржы, мемлекеттік кәсіпорындарға берілген тарифтер мен төлемдер, қазақстандық серіктеске бөлінген тиісті дивидендтер, сонымен қатар мемлекеттік бюджетке аударылған салық және роялти түріндегі төлемдер кіреді.
- 2014 жылдың бірінші тоқсанында Қазақстан Республикасына төленген тікелей төлемдердің мөлшері 3,4 миллиард АҚШ долларына жетті. 2013 жылы аталмыш төлемдер көлемі 14,9 миллиард АҚШ долларын құраған болатын.

## Қазақстандық тауарлар мен қызметтер:

- 2014 жылдың бірінші тоқсанында Теңізшевройл қазақстандық тауарлар мен қызметтерді пайдалануға 530 миллион АҚШ долларынан астам қаржы жұмсады. 1993 жылдан бастап Теңізшевройл қазақстандық мекемелердің 15,9 миллиард АҚШ долларын құрайтын тауарлары мен қызметтерін пайдаланды.

## Қызметкерлер:

- ТШО-да жұмыс жасайтын қазақстандық қызметкерлердің үлесі 1993 жылғы 50% көрсеткішпен салыстырғанда 86% құрайды.
- ТШО-дағы жергілікті ұлттық басшылардың, орта буын жетекшілерінің үлесі жалпы басшылық құрамның 75% құрайды. Кадрларды оқыту және шыңдау жөніндегі тұрақты бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде жауапты басшылық лауазымдарға тағайындалған жергілікті қызметкерлер қатары көбейе түсуде.

## Әлеуметтік салаға үлес:

- 1993 жылдан бастап ТШО өз қызметкерлері мен жергілікті тұрғындардың игілігі үшін Атырау облысының әртүрлі әлеуметтік жобаларына 875 миллион АҚШ долларынан астам қаржы жұмсады.
- 2014 жылдың «Игілік» ерікті әлеуметтік инфрақұрылым бағдарламасы бюджеті 25 миллион АҚШ долларын құрайды. Аталмыш қаржының негізгі үлесі Атырау қаласы мен Жылыой ауданында балабақшалар мен мектептер құрылысына жұмсалады.
- 2014 жылы Атырау облысының денсаулық сақтау, білім және оқыту салаларының сапасын жақсартуға көмектесу үшін ТШО-ның әлеуметтік инвестициялар бағдарламасына 1 миллион АҚШ долларынан астам қаржы бөлінеді.